



Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету

Медициналық көмектен бас тарту құқығы

1. Науқас немесе оның заңды өкілі белгілі бір жағдайларға байланысты медициналық көмектен бас тартуына болады.
2. Науқас немесе оның заңды өкілі медициналық көмектен бас тартқан жағдайда туындайтын қиыншылықтар туралы түсінікті етіп жеткізу қажет.
3. Медициналық көмектен бас тартқан кезде ескерілген жағдайлар туралы науқас немесе оның заңды өкілі оны жазбаша түрде және медициналық қызметкерлермен жазылады.
4. Егерде науқас немесе оның заңды өкілі медициналық көмектен бас тарту туралы өтінішін жазбаша түрде жазбаса, сол туралы медициналық қызметкер медициналық құжатқа жазба жазады.
5. Егерде кәмелеттік жасқа толмаған немесе ақыл есі кем адамдардың заңды өкілі медициналық қызметтен бас тартқан жағдайда медицина ұйымдары олардың қызығушылықтарын қорғау үшін сотқа жүгіне алады.



1. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету төмендегі жағдайларда жүзеге асырылады
 - 1) өзінің ойын жеткізе алмайтын шошу жағдайында болуы;
 - 2) қоршаған ортаға қауіп тигізетін аурумен ауыратын науқастар;
 - 3) аса ауыр психикалық ауытқушылықпен ауыратын науқастар;
 - 4) психикалық аурумен ауыратын адамдар мен қоғамдық аса қауіпті іс-әрекеттер жасаған науқастар;
2. Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарға медициналық көмек көрсету үшін немесе сотта ақыл-есі кем деп табылған балаларды олардың заңды өкілдеріне беріледі. Егерде заңды өкілдері болмаған жағдайда консилиум ұйымдастырылады.

басқа да сұрақтарыңыз болса

Пациенттерді қолдау қызметі

8 (701) 057 38 46

телефон нөміріне немесе

Блок А 405, 408 кабинеттеріне хабарласуға болады.

Науқас көрсетілетін қызметі туралы және өзінің міндеті мен құқықтары, сонымен қатар ақылы қызметтің бағасы туралы толық ақпарат ала алады. Науқастан құқықтары туралы толық ақпарат медициналық ұйымдарда тіркелуі қажет.

Медициналық ұйымға келген кезде науқасқа қарайтын адамның аты-жөні, кәсіби статусы және де медициналық ұйымның ішкі ережелері толық түсіндіріліп айтылуы қажет. Қаралушы өзінің құқығы туралы ақпаратты алуға құқылы.

3. Медициналық көмек қаралушының емделуге деген жазбаша және ауызша түрдегі ақпараттық келісімін алғаннан кейін көрсетілуі қажет.

4. Қаралушы медициналық көмекті алу кезінде өзінің денсаулығы туралы, емделуінің альтернативтік және ұсынылатын әдістердің артықшылығы мен мүмкін болатын тәуекелдер туралы, диагнозы туралы ақпаратпен және басқа медициналық ұйымға ауыстырылуы туралы ақпаратпен қамтамасыз етілуіне құқылы.

5. Қаралушы оның денсаулығы туралы ақпаратты беруге болатын тұлғаны тағайындай алады. Қаралушының ақпаратты алудан бас тартуы жазбаша түде рәсімделіп, медициналық құжатқа енгізіледі.

6. Қаралушыдан ақпарат жасыру егер де медициналық ақпаратты ұсыну қаралушыға қауіп тудыратын болса жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда белгіленген ақпарат қаралушының жұбайына, оның жақын туыстарына немесе заңдаық өкіліне айтылады.

7. Денсаулық сақтау аймағындағы білім беру ұйымдарының клиникалық база жағдайында медициналық көмекті алып жатқан қаралушы оқу үдерісіне қатысудан, сондай-ақ емдеу-диагностикалық шараларын жүргізу кезінде бөтен адамдардың болуынан бас тартуына құқығы бар. Некеге тұрған азаматтар құқықтық-медициналық және медико-генетикалық қаралуға құқылы.



Қаралушының міндеттері

1. Қаралушы міндетті:

- 1) өз денсаулығын нығайту мен сақтау үшін амалдар қолдануға;
 - 2) медициналық қызметкерлермен қарым-қатынаста сыйластықты ескеру;
 - 3) ауруды емдеу мен диагнозды қоюға қажетті барлық ақпаратты дәрігерге беруге, медициналық араласуға келісім бергеннен кейін емдеуші дәрігердің барлық нұсқаулығын орындауға;
 - 4) ішкі тәртіптің ережелерін сақтауға және медициналық ұйымның игілігіне дұрыс қарауға, медициналық көмекті алу кезінде медициналық қызметкерлермен тығыз қарым-қатынаста болуға;
 - 5) қоршаған ортаға зиянын тигізетін аурудың пайда болу жағдайында, алдын алу мен емдеу үдерісі кезінде өз денсаулығының өзгерісі туралы медициналық қызметкерлерді ақпараттандыруы қажет;
 - 6) басқа қаралушылардың құқығын бұзатын іс-әрекеттерді жасамау;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған басқа да міндеттерді орындау.
2. Қаралушының міндеттері науқас баласына стационарда күтім жасаған ата-аналарға да тиесілі.

Call-орталық:

+7 (7172) 576-320,
+7 (7172) 576-362

Сенім телефоны:

+7 (7172) 289-170



Қаралушыға арналған жаднама

Қаралушының құқықтары

1. Қаралушының келесі құқықтары бар:

- 1) алдын алу, емделу және күтім үдерісіне дұрыс көңіл аудару, өзінің мәдени және тұлғалық құндылықтарына сыйластық қарым-қатынас орнату;
- 2) қандай да бір шектеуші факторлардың әсерінсіз медициналық критерийлер негізінде анықталатын, кезекпен медициналық көмекті алуға;
- 3) медициналық ұйымды немесе дәрігерді ауыстырып, таңдауға;
- 4) отбасы, туыстары және достары тұрғысынан, сондай-ақ діни ұйым қызметкерлерінен қолдау алуға;
- 5) медициналық технологияның қажетті деңгейін қамтамасыз ететін деңгейде қиналуды жеңілдетуге;
- 6) өзінің денсаулығы туралы ойды алуға және консилиум жүргізуге;